

Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2021 жылғы 28 мамырдағы № 3/53 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 маусымда № 22994 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

М. Аманязова

Н. Тумьшев

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2021 жылғы 28 мамырдағы

№ 3/53 шешіміне

қосымша

Маңғыстау облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің және шешімінің құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Қарақия ауданының елді мекендерінің аумағында жануарларды асырау Қағидалары туралы" 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/441 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2936 болып тіркелген).

2. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Қарақия ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары туралы" 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/442 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2937 болып тіркелген).

3. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 13/159 шешіміне қосымшаның 8 және 9 тармақтары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3438 болып тіркелген).

4. Маңғыстау облыстық мәслихатының "Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 29/442 "Қарақия ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидалары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2019 жылғы 25 қазандағы № 31/372 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4007 болып тіркелген).